

## 2023-2025 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 7-23-1 шешімі

**Ескерту. 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 13- тармағымен.**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 9-бабы 2-тармағына, 75-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023-2025 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 6 809 606,5 мың теңге:
  - салықтық түсімдер – 1 541 061,7 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 35 622,9 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 16 832,0 мың теңге;
  - трансферттер түсімі – 5 216 089,9 мың теңге;
- 2) шығындар – 6 950 937,3 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 44 256,0 мың теңге:
  - бюджеттік кредиттер – 147 640,0 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 103 384,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:
  - қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -185 586,8 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 185 586,8 мың теңге:
  - қарыздар түсімі – 147 640,0 мың теңге;
  - қарыздарды өтеу – 103 384,0 мың теңге;
  - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 141 330,8 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 17.01.2023 № 7-24-5 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 12.05.2023 № 8-3-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.07.2023 № 8-6-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.08.2023 № 8-7-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.10.2023 № 8-8-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.11.2023 № 8-9-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. 2023 жылға арналған аудандық бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

1-1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеген жеке тұлғалардан облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша алынатын жеке табыс салығы;

1-2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, келіп түскен салықтық аударымдардың кемінде елу пайызы мөлшерінде облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша корпоративтік табыс салығы;

2) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

4) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

5) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығын қоспағанда, көлік құралдары салығы;

6) мыналарға:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге ( мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

7) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

8) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым ( жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды бергені үшін алым);

8-1) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

9) коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

10) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

11) жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін алым;

12) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

13) республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. Аудандық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

4-1) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары;

4-2) шетелдіктер үшін туристік жарналар;

5) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеуден түсетін түсімдер аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің есебіне жатқызылады;

6. Облыстық бюджеттен аудандық бюджетке 2023 жылға берілетін бюджеттік субвенциялар 1 214 656,0 мың теңге сомасында көзделсін.

7. 2023 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер ескерілсін.

Көрсетілген республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2023-2025 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 12.05.2023 № 8-3-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

8. 2023 жылға арналған аудандық бюджетінде мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер ескерілсін.

Бюджеттік кредиттердің сомаларын бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2023-2025 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

9. 2023 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін.

Көрсетілген облыстық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2023-2025 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

10. 2023 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 406 751,0 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

- Антоновка ауылдық округіне – 33 303,0 мың теңге;
- Арықбалық ауылдық округіне – 36 020,0 мың теңге;
- Володар ауылдық округіне – 24 977,0 мың теңге;
- Гусаковка ауылдық округіне – 29 164,0 мың теңге;
- Елецкий ауылдық округіне – 19 029,0 мың теңге;
- Имантау ауылдық округіне – 33 615,0 мың теңге;
- Казанка ауылдық округіне – 26 372,0 мың теңге;
- Қамсақты ауылдық округіне – 34 160,0 мың теңге;
- Қаратал ауылдық округіне – 28 030,0 мың теңге;
- Константиновка ауылдық округіне – 27 388,0 мың теңге;
- Лобанов ауылдық округіне – 29 809,0 мың теңге;
- Нижнебурлук ауылдық округіне – 21 288,0 мың теңге;
- Сырымбет ауылдық округіне – 30 801,0 мың теңге;
- Украин ауылдық округіне – 32 795,0 мың теңге.

11. 2023 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2023-2025 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

12. 2023 жылға Айыртау аудандық жергілікті атқарушы органның резерві 18 345,2 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 06.10.2023 № 8-8-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

12-1. Аудан бюджетінде 2023 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2022 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) республикалық және облыстық бюджеттерден нысаналы трансферттер мен кредиттерді қайтару есебінен 4-қосымшаға сәйкес шығыстар қарастырылсын.

**Ескерту. Шешім 12-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 17.01.2023 № 7-24-5 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

13. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы*

*Г. Абулкаирова*

Айыртау аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 7-23-1 шешіміне  
1 қосымша

## 2023 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 17.01.2023 № 7-24-5 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі ; 12.05.2023 № 8-3-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.07.2023 № 8-6-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.08.2023 № 8-7-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.10.2023 № 8-8-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.11.2023 № 8-9-1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

Санаты	Сыныбы		Атауы	Сом, мың теңге
		Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	6 809 606,5
1			Салықтық түсімдер	1 541 061,7
	01		Табыс салығы	182 234,7
		1	Корпоративтік табыс салығы	164 534,7

		2	Жеке табыс салығы	17 700,0
	03		Әлеуметтік салық	856 318,0
		1	Әлеуметтік салық	856 318,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	196 304,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	191 604,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 700,0
		5	Бірыңғай жер салығы	0,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	279 258,0
		2	Акциздер	4 091,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	261 109,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	14 058,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	26 947,0
		1	Мемлекеттік баж	26 947,0
2			Салықтық емес түсімдер	35 622,9
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	10 428,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6 050,0

		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	60,0
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	4 318,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	470,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар,	470,0



			өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	24 724,9
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	24 724,9
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	16 832,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	14 424,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	14 424,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	2 408,0
		1	Жерді сату	2 408,0
4			Трансферттердің түсімдері	5 216 089,9
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	1 048,0
		1	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, аулдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	1 048,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5 215 041,9
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5 215 041,9
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сома, мың теңге
		Бағдарлама		

1	2	3	4	5
			2) Шығындар	6 950 937,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	1 249 464,2
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	44 056,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	44 056,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	250 150,2
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	246 346,2
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 804,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	144 052,5
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	73 037,3

		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2 303,6
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	900,0
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 051,8
		028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	40 178,6
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	17 581,2
	482		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және туризм бөлімі	31 105,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	31 105,0
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	780 100,5
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы	82 012,6

			мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 000,0
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	696 087,9
02			Қорғаныс	59 407,8
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	59 407,8
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	21 107,2
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	16 221,1
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	22 079,5
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	7 667,8
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық	7 667,8

			шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	7 667,8
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	663 641,7
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	663 641,7
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	56 105,8
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	87 663,5
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	10 398,3
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	93 721,0
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	119,0

		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	60 719,0
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету	948,0
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 600,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	162 501,0
		017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	110 011,0

		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 550,2
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	55 113,1
		026	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	0,0
		054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	83,4
		061	Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу	15 108,4
		062	Біліктілік жүйесін дамыту	0,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 120 280,3
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 120 280,3
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	37 462,2
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	36 289,7
			Ауданның (облыстық маңызы	

		026	бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	559 829,8
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	315 498,6
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	171 200,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	545 481,6
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	30 400,6
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 900,6
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 769,3
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	8 730,7
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі	382 684,7



			саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43 555,2
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	12 976,2
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	12 000,0
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	107 451,0
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	577,3
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	204 415,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 710,0
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	132 396,3
		021	Спорт объектілерін дамыту	120 396,3

		036	Мәдениет объектілерін дамыту	12 000,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	119 256,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	57 250,1
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	57 250,1
	477		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі	61 758,2
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	61 758,2
		009	Елді мекендерді жерге және шаруашылық жағынан орналастыру	0,0
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	247,8

		056	Жануарларға арналған баспаналар, уақытша ұстау пункттерін салу	247,8
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	51 293,0
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	51 293,0
		005	Аудан аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	51 293,0
12			Көлік және коммуникация	1 813 668,5
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 813 668,5
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	1 905,0
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	84 351,6
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша	8 800,0

			жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	1 718 611,9
13			Басқалар	848 871,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	18 345,2
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	18 345,2
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	830 526,3
		079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	830 526,3
14			Борышқа қызмет көрсету	115,2
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	115,2
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша	115,2

			сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	
15			Трансферттер	471 789,6
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	471 789,6
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	6,8
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	63 999,9
		038	Субвенциялар	406 751,0
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	1 031,9
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	44 256,0
			Бюджеттік кредиттер	147 640,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны	147 640,0

			және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	147 640,0
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	147 640,0
Санаты				
	Сыныбы		Атауы	Сома, мың теңге
		Кіші сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	103 384,0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	103 384,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	103 384,0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сома, мың теңге
		Бағдарлама		
			Қаржы активтерін сатып алу	0
13			Басқалар	0
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0

Санаты			Атауы	Сома, мың теңге
Сыныбы		Кіші сыныбы		
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	( -185 586,8
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	( 185 586,8
7			Қарыздар түсімі	147 640,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	147 640,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	147 640,0
Функционалдық топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Атауы	Сома, мың теңге
		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	103 384,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	103 384,0
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	103 384,0
Санаты				
Сыныбы			Атауы	Сома, мың теңге
		Кіші сыныбы		
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	141 330,8
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	141 330,8

		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	141 330,8
--	--	---	--	-----------

Айыртау аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 7-23-1 шешіміне  
2 қосымша

## 2024 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

Санаты			Атауы	Сома, мың теңге
	Сыныбы	К і ш і сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	3 166 788,0
1			Салықтық түсімдер	1 697 935,0
	01		Табыс салығы	76 765,0
		1	Корпоративтік табыс салығы	76 765,0
	03		Әлеуметтік салық	894 852,0
		1	Әлеуметтік салық	894 852,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	204 612,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	200 226,0
		5	Бірыңғай жер салығы	4 386,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	479 752,0
		2	Акциздер	4 588,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	460 473,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	14 691,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	41 954,0
		1	Мемлекеттік баж	41 954,0
2			Салықтық емес түсімдер	35 918,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6 433,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6 321,0
